

Рухани жаңғыру, Мәңгілік Отанымыз, Мәңгілік елдің негізі

1 қыркүйек күні №6 Хромтау гимназиясында «Рухани жаңғыру, Мәңгілік Отанымыз, Мәңгілік елдің негізі» аясында білім күніне арналған «Сыңғырла, күміс қоңырау» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиынның қонағы Хромтау аудандық кәсіпкерлік бөлімінің міндетін атқарушы Қаратаева Айша Сахибедденқызы қатысып, ұжымды мерекемен құттықтады. Гимназия директоры Мукашева Гүлмараш Орынбасарқызы ата-ана, ұстаз, білім алушыларды Білім күнімен шын жүректен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Салтанатты жиында патриоттық әндер орындалып, 1 сынып бүлдіршіндер өз сәлемдерін жолдады.



Осы күні барлық сыныптарда «Ұрпаққа берген ұлағатты тәрбие-мәңгілік елдің кепілі»- 1-4 сыныптар, «Рухани құндылық-адам жанының арқауы»-5-8 сыныптар, «Рухани жаңғыру-ұлттың ұлы мұраты»-9-11 сыныптар бойынша білім күнінің сабақтары өткізілді.



